А. Қ. Биисова, Л. Ж. Джусупкалиева

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

Арнайы мектептердің (сыныптардың)
зерде бұзылыстары бар
4-сынып оқушыларына арналған жұмыс дәптері

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша

Алматы
2021

**ӘОЖ 373.167.1**
**КБЖ 81.2Қаз-922**
**Б52**

## Шартты белгілер:

🟢 – күрделіліктің төменгі деңгейіндегі тапсырма
🟡 – күрделіліктің орташа деңгейіндегі тапсырма
🔴 – күрделіліктің жоғары деңгейіндегі тапсырма

**Биисова А. Қ. т.б.**
**Б52** **Қазақ тілі.** Арнайы мектептердің (сыныптардың) зерде бұзылыстары бар 4-сынып оқушыларына арналған жұмыс дәптері / А. Қ. Биисова, Л. Ж. Джусупкалиева. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2021. – 48 б.

ISBN 978-601-347-184-6 ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922

**ISBN 978-601-347-184-6**
© «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2021

## Құрметті оқушы!

Сенің қолыңда 4-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығына қосымша жұмыс дәптері. Ол – сенің досың. Қазақ тілі оқулығынан сен және сенің сыныптастарың: дыбыс және әріптер, олардың ерекшелігін, сөз және сөздің мағынасын, сөйлем және оның түрлеріне байланысты түрлі жазу жұмыстарын орындайсыңдар. Дауысты және дауыссыз дыбыстар, буын және тасымал, сөз таптары туралы көптеген тапсырмалар мен өздік жұмыстарға кездесесің. Сөйлем және оның түрлерін түрлендіретін тапсырмалар мен суреттер бойынша шағын әңгімелер жазасың.

Білім әлеміне қош келдің!

*Авторлар*

# ӨЗІМ ТУРАЛЫ

## Дыбыс және әріп. Дыбыс және буын үндестігі

1. Берілген сөздерді оқы.

Отан, денсаулық, отбасы, керемет, әдіс, өнерпаз, биші, ата-мекен, егінжай, темірқазық.

| Жуан айтылатын сөздер | Жіңішке айтылатын сөздер | Жуан-жіңішке айтылатын сөздер |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |

Кестені толтыр.

2. Жұмбақты оқып, шешуін тап. Шешуіндегі сөздерге дыбыстық талдау жаса. Сөйлем құрап жаз.

Ақ бояуға қанықпын,
Бағалымын, мамықпын.
Бас әрпім алмасса,
Төртбұрышты жазықпын.





3. Бірінші қатардағы торкөздерге суреттегі заттардың атын жаз.
Торкөздегі сөздерге **і** әрпін жалғап жаз. Сөздердің соңғы әріптерінің өзгеру себебін түсіндір.











4. Сөздерді оқып, жазылу мен айтылуына қарай екі топқа бөліп жаз.

Көгөрүк – көк өрік, жұлдышша – жұлдызша, көссіз – көзсіз, қолбашшы – қолбасшы, торат – торы ат, жібегмата – жібек мата.

| Айтылуы | Жазылуы |
|---|---|
| Көгөрүк | көк өрік |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |

5. Өлеңді түсініп оқып, қарамен жазылған сөздерге дыбыстық талдау жаса.

**Сен бақытты ұлансың!**

**Анаң** – күнің, жүрегің.
**Әкең** – өмір тірегің.
Сен бақытты ұлансың,
Бәрі саған қуансын!

**Әжең** – асыл ардағың,
**Атаң** – дана қорғаның.
Сен бақытты ұлансың,
Бәрі саған қуансын!

*(М. Қуанышбеков)*

______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________

6. Оқу құралдарының атын тап. Әр сөзде неше дыбыс, неше әріп барын айт. Дыбыс пен әріптің айырмашылығын айт.

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Д | | П | Т | | | | |
| О | Қ | | | | Қ | | |
| | Ы | | Ғ | | | | |
| Қ | | Л | | М | | | |
| | Ш | | Р | | І | | |
| | А | | Ы | Н | | | Ш |

# Дауысты дыбыстар. Жұп дауысты дыбыстар

1. Сөздерді оқып, нұсқау бойынша кестені толтыр.

Аңсар, Бағлан, Ләззат, Гүлжауһар, Ділназ, Оралбек, Меруерт, Ұлжан, Сая, Жұлдыз, Ерсұлтан, Әсел.

| Дауысты дыбыстан басталатын кісі аттары | Дауыссыз дыбыстан басталатын кісі аттары |
|---|---|
| | |
| | |
| | |
| | |

2. Мақалды көшіріп жаз. Бірыңғай жуан немесе жіңішке екенін айт. Дауысты дыбыстардың астын сыз.

Еңбек етпесең, елге өкпелеме,
Егін екпесең, жерге өкпелеме.

3. Жұмбақ өлеңді оқып, шешуін тап.
Кестені толтыр.



Бірінші сөз...
(Көрсете тұр сәл сабыр)
Табылса ол,
Табылады аңшыдан.
Екінші сөз –
Жердің өркеш биігі,

Мұнда бар ғой,
Жолдың ауыр, қиыны.
Қос жұмбақ сөз
Сөз құраса бірігіп,
«Бізге бер!» – деп
Аспаз келер жүгіріп.

*(Е. Ерботин)*

| Жуан айтылатын сөздер | Жіңішке айтылатын сөздер | Жуан-жіңішке айтылатын сөздер |
|---|---|---|
| | | |
| | | |

4. Зообақта қандай хайуанаттар бар? Суретті боя. Дәптеріңе хайуанаттардың аттарын жаз. Дыбыстық талдау жаса.



5. Өлеңді оқып, қарамен берілген сөзге дыбыстық талдау жаса. Ол сөз неліктен бас әріптен жазылғанын түсіндір.

**Айтшы, әжетай**

– Айтшы, әжетай, әжетай!
Атам осы кім менің?
– Атаң атты баптаған,
Бәйге бермес **Ақтабан**.
Құстай сергек ұйқысы,
Атаң сенің – жылқышы.

*(Ж. Смақов)*

# МЕНІҢ МЕКТЕБІМ

## Буын және тасымал. Әліпби.
## Дауыссыз дыбыстар

1. Өлеңді буынға бөліп көшіріп жаз.

**Мектеп**

Мектебің мынау, класың,
Осында он жыл тұрасың.
Тарыдай болып кіресің,
Таудай болып шығасың.

*(М. Мақатаев)*

2. Сурет бойынша ертегі құрастыр.



Ертегі кейіпкерлерінің атын буынға бөліп жаз.

3. Төмендегі сөздерді буындарға бөл. Буын санына байланысты топтастырып жаз.

Шие, бүлдірген, алша, алма, анар, құлпынай, өрік, шабдалы, таңқурай, жүзім, қарақат, долана, құрма.

| 2 буынды сөздер | 3 буынды сөздер |
|---|---|
| | |
| | |
| | |

## Я, Ю әріптерінің емлесі

1. Тиісті әріпті жаз.

| | | | |
|---|---|---|---|
| а | а ______ н | а ______ з | тақи ______ |
| ? | ылғ _____ л | са _____ қ | қ ______ сық |
| я | т ______ ң | тұ _____ қ | ж _____ сыл |

2. Берілген әріптер арасында жасырынған сөздерді тауып жаз. Жазған сөздерің қанша сөзден, қанша әріптен тұрады?

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Л | А | Ш | А | Я | Н | М | С | Қ | Р | Ұ |
| Т | Ұ | Я | Қ | П | А | Л | Ж | С | Я | З |
| Д | Р | О | М | А | Я | Л | Д | А | М | А |
| Ы | Қ | Л | Б | А | Я | У | С | К | У | Н |
| Ң | Ғ | Ы | Д | Ұ | Я | Л | Ш | А | Қ | Ы |

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

3. Сөздерді буынға бөліп жаз.

Аю, жаю, көбею, жиюлы, қою, союлы.

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

4. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып жаз.

Айжан ... ойды.
Бекнұрға ... қонжығы ұнады.
Ғалым сымды ... үйренді.

*Қажетті сөздер:* июді, оюлар, аюдың

# И, Й әріптерінің жазылуы

1. Суреттегі заттардың атын буынға бөліп жаз.

   

2. **И**, **й** дыбыстары бар сөздерді буынға бөліп жаз. Дауысты **и**-дің астын бір, дауыссыз **й**-дің астын екі рет сыз.

Мен маржандай шиемін,
Күн сәулесін сүйемін.
Жемістерім піскенде,
Басымды жерге иемін.

3. Әр жолдағы сөздерден сөйлем құрап жаз. Сөйлемнің басталуы мен аяқталуына мән бер.

Әлия, болды, жайлауда, жазда.
Жапырақтары, ағаштың, бастады, сарғая.
Пайдаланады, жылқыны, ретінде, көлік.
Үйренеді, қолға, аққулар, тез.

## В, Ф дыбысы мен әрпі

1. Мәтінді буынға бөліп көшіріп жаз. *Волейбол* сөзіне дыбыстық талдау жаса.

### Волейбол

Волейбол – спорттық ойын. Ол доппен ойналады. Волейбол добы ақшыл түсті болады. Алаң ортасына тор керіліп тартылады. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Волейбол ойыны шапшаңдыққа, ептілікке баулиды.

*(«Негеш» энциклопедиясынан.)*

2. Сөздерді оқып, көрсетілген үлгі бойынша топтап жаз.

Фатима, Ферғана, әл-Фараби, Африка, Фарида, Файзолла, Финляндия, Фархат.

Адам аттары: Фатима, ...

Жер аттары: Ферғана, ...

3. Сөйлемдерді буынға бөліп, көшіріп жаз. **Ф** дыбысы бар сөздердің айтылуы мен жазылуын есіңде сақта!

Фортепьяно – музыкалық аспап. Фортепьяноның алғашқы үлгісі Италияда жасалған. Осы заманғы рояльді Францияда ойлап тапқан.

# МЕНІҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ

## Сөз. Заттың атын білдіретін сөздер

1. Суретті боя. Сенің досың кім? Әңгімелеп жаз. Досыңның атын неліктен бас әріптен жаздың? Заттың атын білдіретін сөздердің астын сыз.



______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

2. Өлеңнің ұйқасын тауып жаз. Өлеңдегі кісі аттарын теріп жаз. Сұрақ қой.

Зайыр!
Қаламымды ______________________ .
Мардан!
Асай көрме ______________________ .
Мирас!
Үйдің ішін ______________________ .
Азамат!
Мінгізейін саған ______________________ .
Мұса!
Тайыңды ______________________ .

*(М. Әлімбаев)*

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

3. Өз отбасы мүшелерінің аттарын жаз. Қандай сұрақ қойдың?

4. Өзің білетін ауылдар мен қалалардың аттарын әліпби ретімен жаз.

| Ауыл аттары | Қала аттары |
|---|---|
| | |
| | |
| | |
| | |

5. «Тізбек» ойыны. Заттың атын білдіретін сөздерді үлгі бойынша тізбектеп жаз.

*Үлгі:* дос – серік – кітап – парта, т.б.

6. Сөйлемдерді көшіріп жаз. Заттың атын білдіретін сөздердің астын сыз. Қандай сұраққа жауап береді? Сұрақ қой.

Бидай, арпа, сұлының көгі тез көтеріледі. 2. Түйе, қой, ешкінің жүнінен киім тоқылады. 3. Дүкенде алма, өрік, қауынның қағы сатылады.

## Заттың қимылын білдіретін сөздер

1. Суретке қарап, *не істеді?* деген сұраққа жауап жаз.



2. Көп нүктенің орнына заттың қимылын білдіретін сөздер жаз. Сұрақ қой.

Әлия кітапханадан кітап ______________ .
Әсем көгөністен салат ______________ .
Сәния гүлдерді ______________ .
Жанар театрға ______________.

3. Мына сөздерді заттың қимылын білдіретін сөздермен қосып жаз.

Дәрігер, аспаз, жүргізуші, кітапханашы, әнші, дәріхана, құрылысшы, күйші.

4. Сөйлемдерді көшіріп жаз. Заттың қимылын білдіретін сөздерді тауып сұрақ қой. Астын сыз.

1. Асыл анасымен ақылдасты. 2. Жанболаттың атасы аттың тағасын шегеледі. 3. Айым көйлегін үтіктеді. 4. Дәрігер науқасты емдеді.

5. Заттың қимылын білдіретін сөздерге заттың атын білдіретін сөздерді қосып жаз. Сұрақ қой.

Айтты, барды, келді, жүрді, оқыды, алды, жазды, көрді, берді, тоқыды, естіді.

6. Суретке қарап, *не істеді?* деген сұраққа жауап жаз.



# Заттың санын білдіретін сөздер

1. Мақал-мәтелдердегі түсіп қалған заттың санын білдіретін сөздерді орнына қойып жаз.

*1. (Неше?)* __________ рет өлше, *(неше?)* __________ рет кес.
*2. (Неше?)* ___________ теңгең болғанша, *(неше?)* ___________ досың болсын.

2. Заттың санын білдіретін сөздері бар мақал-мәтел тауып жаз.

Мысалы, Жігітке **жеті** өнер де аз.

________________________________________
________________________________________
________________________________________
________________________________________

3. Жұмбақ өлеңді көшіріп жазып, заттың саны мен атын білдіретін сөздердің атын тауып, астын сыз.

**Қанша ара?**

Алшаға кеп күнара,
Қонушы еді бір ара.
Бүгін тоғыз туысын,
Ертіп келді бір ара.
Сонда бүгін алшаға
Келіп қонды қанша ара?

*(С. Қалиев)*

________________________________________
________________________________________
________________________________________
________________________________________

4. Жаңылтпаштарды жаңылмай көшіріп жаз. Заттың санын білдіретін сөздерді тауып астын сыз.

1. Семіз сегіз қойым бар,
Сегіз семіз қойым бар.

2. Төрт түлігім сай еді,
Төртеуі де пайдалы.

________________________________________
________________________________________
________________________________________
________________________________________

# БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ

## Заттың сынын білдіретін сөздер

1. Суреттегі жыл мезгілдерін жаз. Сол жыл мезгілдерін қатыстырып, заттың сынын білдіретін сөйлем құрап жаз.



2. Тыйым сөздерді көшіріп жаз. *Қандай?* деген сұраққа жауап беретін сөздерді тап.

1. Жақсы әдеттен бұлжыма,
Жұма күні кір жума.

2. Ұқсама тентек балаға,
Пышақтың жүзін жалама.

3. Жаман әдетті таста,
Бас киімді баспа.

3. Өлеңді көшіріп жаз. Заттың атын және сынын білдіретін сөздерді тауып астын сыз. Сұрақ қой.

### Кім неге барсын?

Тіл алғыш бала нанға барсын.
Тілазар бала талға барсын.
Тілі тәтті бала шалға барсын.

Нан – тамақ болады.
Тал – таяқ болады.
Шал – қонақ болады.

*(Ө. Тұрманжанов)*

4. Заттың сынын білдіретін сөздерді үлгі бойынша мағынасына қарай топтастыр.

Көк, дөңгелек, ұзын, қышқыл, үлкен, тұщы, сопақ, күлгін, дәмді, ала, ұсақ, қара, ақшыл, ромб, кіші, ұсақ.

| Түсі | Дәмі | Көлемі | Пішіні |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

5. Заттың атының тұсына түсін, дәмін, пішінін білдіретін сөздерді қойып жаз.






*Үлгі:* Алма қызыл, тәтті, домалақ.

| Заттың аты | Түсі | Дәмі | Пішіні |
|---|---|---|---|
| Алма | | | |
| Пияз | | | |
| Шие | | | |
| Бұрыш | | | |

# Түбірлес, мәндес, қарама-қарсы мағыналы, көпмағыналы сөздер

1. Түбірлес сөздерді теріп жаз.

| | | |
|---|---|---|
| өнерпаз | кітапхана | өнер |
| суат | баспа | арбакеш |
| орман | жұмысшы | бүркітші |

2. Мәндес сөздерді анықта.

| | |
|---|---|
| Қатты | озық |
| өзге | меңгерту |
| заман | керемет |
| ғажап | ақпарат |
| мәлімет | уақыт |
| үйрену | басқа |
| үздік | мықты |

3. Жұмбақты жатқа жазып, мағыналары қарама-қарсы сөздерді тап.

Өзі түзу, ізі қисық бір аттың,
Өшпес ізін бала кезден ұнаттым.

*(Қалам)*

4. Көпмағыналы сөздердің қатарын жалғастыр.

Адамның аяғы, ... .
Домбыраның құлағы, ... .
Пышақтың жүзі, ... .

# САЯХАТ

## Сөйлем. Сөйлемнің түрлері

1. Берілген сөздерден сөйлем құрастыр.

1. Ағаш, ертеде, бір, болыпты.
2. Жұмыртқа, ағаштың, Самұрық, басына, құсы, салады.
3. Балапан, шығады, жұмыртқадан, жарылып.
4. Бірақ, жұтып, балапанды, қояды, айдаһар.
5. Жерасты, батыр, патшалығында, болыпты.
6. Ол, атып, садақпен, айдаһарды, өлтіреді.
7. Солай, аман, балапан, қалады.
8. Самұрық, батырға, құсы, риза, болыпты.
9. Ол, алып, батырды, астынан, жер, шығады.
10. Осылай, пайда, өмір, ағашы, болады.

2. Сөйлемдердің соңына тиісті тыныс белгісін қой.

1. Күн суыта бастады
2. Алақай, мектебімізде «Алтын күз» мерекесі өтеді
3. Аяжан, мерекеге келесің бе
4. Кешікпей келейік

3. Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрастыр. Сөйлемнің соңына тиісті тыныс белгісін қой.

1. Айгүл, ойнайды, жақсы, шахмат
2. оқиды, Дастан, кітап
3. киноға, барасыңдар, сендер, ма
4. қандай, фильм, қызық

4. Ребустың шешуін тап.
Шешуі болған сөзді қатыстырып хабарлы сөйлем құрап жаз.



5. Суретке қарап, сөйлемнің түрлеріне бірнеше сөйлем құрап жаз.



## Хабарлы сөйлем

Мәтінді тиісті тыныс белгісін қойып көшіріп жаз. Мәтінге ат қой.

Бұлбұл – кішкентай құс Ол таңертең ағашқа қонып алып сайрайды Бұлбұлдың үні құлаққа өте жағымды.

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

Сөздерді оқып, әйелдердің киімін білдіретін сөздерді бір бөлек, ерлердің киімін бір бөлек топтастыр.

Сәукеле, жейде, орамал, күпі, жаулық, құлақшын, ішік, шекпен, қамзол, шәлі.

Әйелдер киімі: ______________________________

______________________________________________

Ерлер киімі: ______________________________

______________________________________________

3. Хабарлы сөйлемді тауып жаз.

Ажар кітапханаға барды. Үйді кім салады? Алақай, ертең концертке барамыз! Сыныпта өнерлі оқушылар бар ма? Бүгін қар қалың жауды.

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

4. Орны ауысқан сөздерден сөйлем құрастыру.

А) Әсел, айтады, ән, Отан туралы.
Ә) Болат, тартады, домбыра.
Б) Концерт, қоясыңдар, ма, сендер.
В) Қандай, керемет, даусы.

# Сұраулы сөйлем

1. Сурет бойынша әңгіме құрастыр. Оқушыларға ат қой.



2. Өлеңді тиісті дауыс ырғағымен оқы. Сұраулы сөйлемнің астын сыз. Көшіріп жаз.

– Екі көзің не үшін керек?
– Жақсыларды көру үшін.
– Екі қолың не үшін керек?
– Елге көмек беру үшін.

# Лепті сөйлем

1. Суреттегі көңіл күйлер жайында не айта аласың? Олар қандай сөздер айтты деп ойлайсың? Оларды жаз.



2. Өлеңді көшіріп жаз. Тиісті дауыс ырғағымен оқы.

Алақай, алақай!
Күн шықты, күн шықты,
Жер үстіне нұр шықты!

3. Өлеңді рөлге бөліп оқы. Сұраулы сөйлемдерді тауып, көшіріп жаз.

– Өмірде, ата, кім мықты?
– Айтқан адам шындықты!
– Қасиет неде адамдық?
– Ізет, мейірім, адалдық!
– Өмірде не ең жаман?
– Сақтай алмау елді аман!

*(С. Оспанұлы)*

## Сөйлем мүшелері

1. Сөйлемдерді керекті сөздермен толықтырып жаз.

1. Дәурен келді. 2. Мұғалім түсіндірді. 3. Талғат сөйледі. 4. Диқан суарды.

*Керекті сөздер:* егінді, сабақты, ауылдан, ұзақ.

2. Мәтінді оқы. Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қой, көшіріп жаз.

Мектепте шахматтан **жарыс** болды. **Жарысқа** Нұрбол қатысты. **Жарыста** Нұрбол қарсыластарын жеңіп, **жарыстың** жүлдесін иеленді. Сөйтіп, Нұрбол **жарыстан** сыйлықпен оралды.

3. Сөйлемдерге тұрлаусыз мүшелерді қосып жаз.

Жаңбыр басылды. Аспан ашылды. Күн жылынды. Су ақты.

# Бастауыш

1. Сөйлемдердегі бастауыш пен баяндауышты тап, сұрақ қой.

Киіз үй тігілді. Атам төрге жайғасты. Балалар далада ойнады.

2. Тиісті сөздерді тауып жаз.

... ұшып кетті. ... жауды. ... көрінді. ... гүлдеді.

*Керекті сөздер:* жаңбыр, ағаштар, таулар, құстар.

3. Суреттер бойынша әңгіме құрап жаз. Жазған сөйлемдерден бастауышты тап.







# Баяндауыш

1. Бастауыш пен баяндауышты тап.

| Сөздер | Бастауыш | Баяндауыш |
|---|---|---|
| Айжан | | |
| Оқыды | | |
| Биші | | |
| Жазды | | |
| Секірді | | |

2. Өлеңді оқып, көшіріп жаз.

Тырс-тырс,
Жаңбыр жауады,
Тамшылар тамады.
Тырс-тырс,
Жапырақ жылайды,
Жардан су құлайды.

______________________________
______________________________
______________________________
______________________________
______________________________
______________________________

3. Берілген сөздерге қатысты қимылды білдіретін сөздерді тауып жаз.

Арыстан ______________________
Жылқы ______________________
Қой ______________________
Сиыр ______________________
Ара ______________________
Әтеш ______________________
Түйе ______________________

# САЛТ-ДӘСТҮР. МЕРЕКЕЛЕР

## Мәтін

1. Орны ауыстырылып берілген сөйлемдерден мәтін құра.

Бөлменің ауасы таза. Оның терезелері үлкен. Мынау – менің бөлмем. Оң жақта менің төсегім тұр. Сол жақта үстел, орындықтар қойылған.

2. Мәтінді оқып, оған ат қой.

Бұғы – сиырға ұқсас мал. Оның мүйізі бұтақша тармақталып өседі. Олар суыққа төзімді. Қыс кезінде қарға батпай жүру қиын. Ал солтүстік бұғылары қарға батпай жүре алады. Сондықтан олар көлік ретінде пайдаланылады. Бұғылар мүк пен қынаны жейді. Қыста қуатты, жалпақ тұяғымен қарды теуіп жайылады.

3. Мәтінді оқы. Ұлттық ойындар атауын теріп жаз.

Қазақ халқының ұлттық ойын-сауықтары алуан түрлі. Жастар бас қосқан жиында «Хан-уәзір», «Көрші», «Жылтыр кетті», «Мыршым» сияқты күлдіргі ойындар ойналатын. Ауыл жастары «Айгөлек», «Белбеу тастау», «Саққұлақ», «Ақсүйек», «Соқыртеке», «Тымпи», «Алтыбақан» т.б. ойындарды түнімен ойнап, қой күзетуге көмектесетін. «Күрес», «Жамбы ату», «Садақ тарту», «Арқан тарту», «Жаяу бәйге», ат үстіндегі спорттық ойындарының жастарды тәрбиелеуде ерекше орны бар. «Бәйге шабу», «Сайыс», «Қыз қуу», «Көкпар», «Аударыспақ» сияқты ойындар жастарды мығым болуға, тез әрекет жасауға баулиды.

# ТАҒАМ ЖӘНЕ СУСЫН

## Дыбыс және әріп

1. Мәтінді оқы. Мәтін кейіпкері дұрыс тамақтанды ма?
Денсаулыққа зиянды тағамдарды жаз.

Назира жол бойы бутерброд жеді. Сүт, айран ішті.

Ал Әсет әжесі салып берген тамағының бәрін күшігіне берді. Өзі қытырлақ пен кәмпит жеді. Газдалған су ішті.

Содан соң оның асқазаны ауырды. Қатты ауырғаны соншалық, өзін әлсіз сезінді.

2. Сөйлемдерді оқы.

Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты.
Тамақ **дәмді** әрі пайдалы болуы тиіс.

Қарамен жазылған сөзге дыбыстық талдау жаса.

3. Сөйлемдерді қатесіз көшіріп жаз.
Соңғы сөйлемге дыбыстық талдау жаса.

Нан дастарқанға көп адамның еңбегімен келеді. Нан – қасиетті тағам. Оны қадірлеу керек.

4. Наурызкөженің құрамын тауып белгіле.

А) Алма, ет, орамжапырақ, тұз, су, май, қызанақ.
Ә) Бидай, күріш, тары, су, айран, тұз, сүр ет, арпа.
Б) Бидай, тұз, жапырақ, жусан, мейіз, сәбіз, ет.

# Дауысты дыбыстар

1. Суреттегі тағамдардың аттарын жаз.
Дыбыстық талдау жаса.

*Үлгі:* құрт – қ, р, т – дауыссыз дыбыстар, ұ – жуан дауысты дыбыс.






2. Сөздерді қатыстырып сөйлем құра.

Шырын, сусын, тосап, көже.

3. Суреттегі түліктерден алынатын өнімді ата. Сәйкестендіріп көрсет.












# Дауыссыз дыбыстар

1. Сөзжұмбақты шеш. Көгеністердің атауларын жаз.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| 3 | | | | | | |
| 4 | | | | | | |
| 5 | | | | | | |



2. Дауыссыз дыбыстардың түрлерін көшіріп жаз.

**Қатаң:** п, ф, к, қ, т, с, ш, щ, х, ч, ц
**Ұяң:** б, в, г, ғ, д, з, ж, һ
**Үнді:** р, л, й, у, м, н, ң

3. Төмендегі сөздерден қатаң дауыссыздарды тауып, астын сыз.

Тіл, сабақ, мектеп, Қазақстан.

## Буын және тасымал

1. Суреттерді ата, буынға бөл.

  

2. Мына сөздерде неше буын бар, сөздерді буынға бөліп жаз.

Әсел, Анар, Дана, биші, мысық, қарбыз.

3. Сиқыршы жолда қапшығындағы сөздерді шашып алды. Сөздерді жинауға көмектес.

ақын, өрік, от, сүт, жент, ата, от, әже, ауа, іні



Бұл сөздері тасымалдауға бола ма?

4. Берілген буындардан сөз құрастырып жаз. Әр сөзде неше буын бар?

ға ла рақ рыш ба ар
та қан ша су қо мақ

5. Заттардың атауын буынға бөліп айт. Буынды сызбамен көрсет. Сөзде неше буын бар? Буынның санын цифрмен жаз.

4

   

6. Қай ертегі екенін есіңе түсір. Ертегі кейіпкерлерін атап, буынға бөліп жаз.



# Заттың атын білдіретін сөздер

1. Суреттердің атауын жаз.



2. Көркем жаз. Көшіріп жаз.

Тазалық – денсаулық кепілі,
Денсаулық – байлық негізі.

3. Өлеңді көшіріп жаз.
Заттың атын білдіретін сөздерді тап.

Ақын, әнші той бастар,
Шешен адам сөз бастар.
Батырлар бар қол бастар,
Көпті көрген жол бастар.

*(К. Әзірбаев)*

# Заттың қимылын білдіретін сөздер

1. Өлеңді көшіріп жаз.
Заттың қимылын білдіретін сөздердің астын сыз.

Доп домалап келеді,
Футболшы оны тебеді.
Дәлдеп алып қақпаны,
Доп соққаны жеңеді.

*(Б. Оразымбетов)*

2. Сөйлемдерді көшіріп жаз. Заттың қимылын білдіретін сөздерді тап. Оларға сұрақ қой.

Балалар аулаға жиналды. Екі топқа бөлінді. Олар хоккей ойнады. Бірінші топ жеңіске жетті.

3. Ребусты шеш. Сөйлем құрастыр.



## Заттың санын білдіретін сөздер

1. Суретке қарап, жәндіктердің санын анықтап жаз.



көбелек



шегіртке



ара



шыбын



өрмекші



инелік

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

2. Сөйлемді сандармен толықтыру.

Ғасыр __________ жыл
Жыл ___________ ай
Мезгіл ________ жыл мезгілі
Ай _____________ күн

Апта ____________ күн
Күн _____________ сағат
Сағат ___________ минут
Минут __________ секунд

3. Берілген сандарды сөзбен жаз.

11, 12, 13, 14, 65, 49, 2, 8,100.

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

# Заттың сынын білдіретін сөздер

1. Сурет бойынша көгеністің атауларын ата. Берілген көгеністердің түр-түсін атап жаз.



______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________

2. Заттың атын білдіретін сөздердің алдына заттың сынын білдіретін сөздерді қойып, көшіріп жаз.

__________ доп, __________ қыз, __________ гүл
__________ сағат, __________ алма, __________ сақал.

3. Берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы сөздер жаз.

Кең – ... .
Ыстық – ... .
Биік – ... .
Жарық – ... .

4. Мақалдардан заттың сынын білдіретін сөзді тап.

1. Жақсы сөзге жан семіреді,
Жаман сөзден жан қорқады.

2. Білекті бірді жығады,
Білімді мыңды жығады.

# ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

## Тіл дамыту

1. Сөздерді оқы және сәйкес суреттермен байланыстырып сыз.

ша-на тау-лар та-ға нан қо-ша-қан пар-та

     

2. Өлеңді көшіріп жаз.

Алдымызда кезіккен,
Көп танысты көреміз.
Бәріне де ізетпен,
Біздер сәлем береміз.

*(Е. Өтетілеуұлы)*

3. Берілген сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдыр.

1. Біз баққа бардық. 2. Сәуле төртінші сыныпта оқиды. 3. М. Әуезов 1897 жылы туған. 4. Абай – ұлы ақын. 5. Ыбырай Алтынсарин балаларға арнап оқулық жазды.

4. Өлеңді мәнерлеп оқы.

## Сүт ішсең

Ыстық-ыстық сүт ішсең,
Дәмі кетпес таңдайдан.
Бой жадырап кенеттен,
Буы шығар маңдайдан.

«Ағарған» деп, «ақ дәм» деп,
Аналар төгіп-шашпайды.
Сүт төгілсе «обал» деп,
Аяғымен баспайды.

*(Ө. Тұрманжанов)*

5. Өзің сүттен не жасай аласың? Соның мәзірін жазып көр.






6. Төмендегі сөйлемдер мағыналы болатындай етіп, сөздердің орнын ауыстырып жаз.

Мен барамын мектепке. ____________________
Аулада жүр қаздар. ____________________
Доппен жазда ойнаймыз. ____________________
Кітапты оқимыз біз. ____________________

7. Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді тап. Оларды сызық арқылы қос.

| | |
|---|---|
| Кел, билейік, кел, билейік! | Хабарлы сөйлем |
| Неге тұрсың билемей? | Сұраулы сөйлем |
| Кел, билейік, іркілмейік. | Лепті сөйлем |
| Неге отырсың үйренбей? | |

8. «Төлін тап» ойыны. Жаз.

| Сиыр | Жылқы | Түйе | Қой |
|---|---|---|---|






9. «Ұйқасын тап» ойыны

Таппай тыным
Шабады не? ____________________
Құлақтары шұнақ,
Ешкі баласы не? ________________
Сүп-сүйкімді момақан,
Қой баласы не? _________________
Баладай баққан аталар,
Түйе баласы – ___________________ бар.

10. Сұрақтарға жауап беретін сөздерді тиісті қорапшаларға сал.




11. Суреттегі хайуанаттардың аттарын жаз және сөйлем құра.







______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________

12. Берілген сөздерді кестедегі орындарына жаз.

*Керекті сөздер:* шахмат, футболшы, теннис, шаңғы, дойбы, теннисші, футбол, шаңғышы, дойбышы, футболшылар, теннисшілер, дойбышылар, шахматшылар, доптар, шайбалар, шахматшы.

| **Кім?** | **Не?** | **Кімдер?** | **Нелер?** |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

# Бас әріптен басталатын сөздер

1. Бұл не? Сен одан нелерді көріп тұрсың?




2. Төмендегі сөздерді дұрыс жаз.

Алматы, арайлым, ақтөс, қарағанды, көкшетау, құлагер, нұра.

3. Қорытынды жаса және есіңде сақта. Қандай сөздер үнемі бас әріптен басталып жазылады?



4. Санамақты көркем жаз. Сан есімдерді белгілеп сыз.

Бір дегенім – Бесік,
Екі дегенім – Есік,
Үш дегенім – Үйің,
Төрт дегенім – Тиін,
Бес дегенім – Бақша,
Алты дегенім – Ақша,
Жеті дегенім – Желке,
Сегіз дегенім – Серке,
Тоғыз дегенім – Таңдай,
Оқушысың қандай?
Он дегенім – Орман,
Еліңе бол қорған!

5. Сұрақтарға жауап жаз.

| ***Неше?*** | ***Нешінші?*** |
|---|---|
| Алты | |
| Екі | |
| Жиырма | |

6. Табиғат құбылыстарын жыл мезгілдеріне байланысты топтастыр. Сәйкестендір.




| | |
|---|---|
| ериді | дауыл |
| жауады | қар |
| жаңбыр | соғады |

7. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген. Әңгіме құрап жаз.



8. Суретке мұқият қара. Не байқадың?



9. Сыпайылықтың шыңына жету үшін баспалдақтарға сыпайы сөздерді жаз.




10. Мәтінді оқы. Мәтіннен бас әріптен басталып жазылған сөздерді бір бағанға, заттың санын білдіретін сөздерді екінші бағанға жаз.

Байқоңыр – қазақ даласындағы халықаралық ғарыш айлағы. Байқоңырдан бірінші рет Юрий Гагарин ұшты. Содан бері әр елден екі жүздей ғарышкер аспан әлеміне самғады. Тоқтар Әубәкіров – бірінші қазақстандық ғарышкер. Екінші қазақстандық ғарышкер – Талғат Мұсабаев. Талғат Мұсабаев ғарышта үш рет болып қайтты.

| | |
|---|---|
| | |
| | |
| | |
| | |

# Жыл бойы өткенді қайталау

1. Суреттегі заттардың аттарын жаз.
Оларға дыбыстық талдау жаса.



_______________________________________________
_______________________________________________
_______________________________________________
_______________________________________________
_______________________________________________
_______________________________________________
_______________________________________________

2. Сөздерді буынға бөліп жаз. Өзің қалаған сөздерді қатыстырып сөйлем құра.

Балық – ________________ ғарышкер – ________________
Түйе – ________________ сақина – ________________
Шелек – ________________ мұрагер – ________________
Қайық – ________________ достық – ________________

_______________________________________________
_______________________________________________
_______________________________________________
_______________________________________________
_______________________________________________

3. Сөздерді оқы. Оларға қойылатын сұрақтарды тұсына жаз.

Дәптер – ________________ әнші – ________________
Торғай – ________________ сандық – ________________
Ағай –________________ алты – ________________
Тәтті –________________ мысық – ________________

# Тест

*1. Хабарлы сөйлемді тап.*
а) Мен мектепке барамын.
ә) Алақай, мен мектепке барамын!
б) Мен мектепке барамын ба?

*2. Заттың санын білдіретін сөзді тап.*
а) көгершін
ә) алпыс жеті
б) жылы

*3. Іс-қимылды білдіретін сөзді тап.*
а) дәптер
ә) сексен
б) оқыды

*4. Заттың атын білдіретін сөзді тап.*
а) биік
ә) өнер
б) табиғат

*5. Буынға дұрыс бөлінген сөзді тап.*
а) қа-лам
ә) ада-м
б) қа-сқыр

*7. Жіңішке дауысты дыбысы бар сөзді белгіле.*
а) қаз
ә) жасыл
б) кілем

*8. Қатаң дауыссыз дыбыстар қатарын тап.*
а) қ, к, п, с, т, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ
ә) л, м, н, ң, р, й, (у)
б) б, в, г, ғ, д, ж, з

9. Дұрыс құралмаған сөйлемді көрсет.
а) Құстар жылы жаққа ұшты.
ә) Шықты орманға оқушылар саяхатқа.
б) Мен сабақ оқыдым.

10. *Ауыр* сөзінің қарсы мәндес жұбын тап.
а) аласа
ә) көрікті
б) жеңіл

Оқу басылымы

**Биисова Аслима Қабекешовна**
**Джусупкалиева Лаура Жалгасбаевна**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ**

Арнайы мектептердің (сыныптардың)
зерде бұзылыстары бар
4-сынып оқушыларына арналған
жұмыс дәптері

Редакторы Г. Ж. Есенжолова
Суретшісі А. С. Чурина
Компьютерде беттеген Э. А. Айтқұлова

Басуға 25.05.2021 қол қойылды.
Есептік баспа табағы 6. Шартты баспа табағы 5,58.
Пішімі 60×84 $^{1}/_{8}$. Офсеттік қағаз